

Қайтаруға ұсынылған қосылған құн салығы сомаларының анықтығын растау бойынша тақырыптық тексеру жүргізуге қатысатын азаматтық авиация саласындағы уәкілетті үйым қызметшісінің шетелдік авиакомпания әуе кемесінің рейсті жүзеге асыру фактісін және өткізілген жанар-жағармай материалдарының (авиакомпаниялар бөлінісінде) мөлшері фактісінің анықтығын растайтын қорытындыны табыс ету қағидалары мен нысанын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 5 ақпандағы № 122 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әдіlet министрлігінде 2018 жылғы 1 наурызда № 16461 болып тіркелді.

**Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 31.10.2019 № 1198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 388-бабы 3-тармағының 4) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшага сәйкес қайтаруға ұсынылған қосылған құн салығы сомаларының анықтығын растау бойынша тақырыптық тексеру жүргізуге қатысатын азаматтық авиация саласындағы уәкілетті үйым қызметшісінің шетелдік авиакомпания әуе кемесінің рейсті жүзеге асыру фактісін және өткізілген жанар-жағармай материалдарының (авиакомпаниялар бөлінісінде) мөлшері фактісінің анықтығын растайтын қорытындыны табыс ету қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшага сәйкес қайтаруға ұсынылған қосылған құн салығы сомаларының анықтығын растау бойынша тақырыптық тексеру жүргізуге қатысатын азаматтық авиация саласындағы уәкілетті үйым қызметшісінің шетелдік авиакомпания әуе кемесінің рейсті жүзеге асыру және өткізілген жанар-жағармай материалдарының мөлшері фактісін растайтын қорытынды нысаны бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 31.10.2019 № 1198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (А.М. Тенгебаев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әдіlet министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерін қазақ және орыс тілдерінде "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Респубикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізуге жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Респубикасының  
Каржы министрі

B. Сұлтанов

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Респубикасының

Инвестициялар және даму министрі

Ж. Қасымбек

2018 жылғы 14 ақпан

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлік  
2018 жылғы 5 ақпанды  
№ 122 бұйрығына  
1-қосымша

**Қайтаруға ұсынылған қосылған күн салығы сомаларының анықтығын растау бойынша тақырыптық тексеру жүргізуге қатысатын азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым қызметшісінің шетелдік авиакомпания әуе кемесінің рейсті жүзеге асыру фактісін және өткізілген жанар-жағармай материалдарының (авиакомпаниялар бөлінісінде) мөлшері фактісінің анықтығын растайтын қорытындыны табыс ету Қағидасы**

**Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрлік 31.10.2019 № 1198 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы қайтаруға ұсынылған қосылған құн салығы сомаларының анықтығын растау бойынша тақырыптық тексеру жүргізуге қатысатын азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым қызметшісінің шетелдік авиакомпания өве кемесінің рейсті жүзеге асыру фактісін және өткізілген жанар-жағармай материалдарының (авиакомпаниялар бөлінісінде) мөлшері фактісінің анықтығын растайтын қорытындыны табыс ету қағидасы (бұдан әрі – Қағида) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 388 бабы 3-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленген және қайтаруға ұсынылған қосылған құн салығы сомаларының дұрыстығын растау жөніндегі тақырыптық тексеруді жүргізуге қатысқан азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым қызметшісінің шетелдік авиакомпаниялардың өве кемесімен жүзеге асырған рейсті және өткізген жанар-жағармай материалдарының мөлшері фактісін растайтын (авиакомпаниялар бөлігінде) қорытындыны табыс ету тәртібін айқынрайдай.

**2-тaraу. Қайтаруға ұсынылған қосылған құн салығы сомаларының анықтығын растау бойынша тақырыптық тексеру жүргізуге қатысатын азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым қызметшісінің шетелдік авиакомпания өве кемесінің рейсті жүзеге асыру фактісін және өткізілген жанар-жағармай материалдарының (авиакомпаниялар бөлінісінде) мөлшері фактісінің анықтығын растайтын қорытындыны табыс ету тәртібі**

2. Тақырыптық тексеру басталған күннен бастап мемлекеттік кірістер органы 5 (бес) жұмыс күні ішінде тақырыптық тексеру жүргізуге қатысу үшін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымынан өкілдік кандидатура жөніндегі ұсыныска сұрау салады.

3. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым, сұрау салуды алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде тақырыптық тексеруді жүргізуге қатысу үшін өкілдік кандидатурасын ұсынады.

4. Тақырыптық тексеруге қатысатын азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым қызметшісі, қайтаруға ұсынылған қосылған құн салығы сомаларының анықтығын растау бойынша тақырыптық тексеру жүргізуге қатысатын азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым қызметшісінің шетелдік авиакомпания өве кемесінің рейсті жүзеге асыру және өткізілген жанар-жағармай материалдарының (авиакомпаниялар бөлінісінде) мөлшері фактісінің анықтығын растайтын қорытындыны (бұдан әрі – қорытынды) осы бүйрекқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша табыс етілуді қамтамасыз етеді.

5. Сұрау салуды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде салықтық тексеруге қатысушы болып табылатын мемлекеттік кірістер органының лауазымды адамына қорытынды табыс етіледі.

6. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті үйым қызметшісімен қорытындыға қол қойылады.

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2018 жылғы 5 ақпандағы  
№ 122 бұйрығына  
2-қосымша  
нысан

**201\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_ бастап 201\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_ аралығындағы кезеңге Қайтаруға ұсынылған қосылған құн салығы сомаларының анықтығын растау бойынша тақырыптық тексеру жүргізуге қатысатын азаматтық авиация саласындағы уәкілетті үйым қызметшісінің шетелдік авиакомпания әуе кемесінің рейсті жүзеге асыру және өткізілген жанар-жағармай материалдарының мөлшері фактісінің анықтығын растайтын қорытындысы**

Ескерту. Нысан жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 31.10.2019 № 1198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№ №	Шетелдік авиакомпанияларының атауы	Рейс нөмірі	Үшып	Үшып	Әуе кемесінің үлгісі	Шетелдік авиакомпаниямен шарттың нөмірі және құні ( өтінімнің деректемелері)	Құйылған жанар-жағармай материалдары		Ескертпе
			келген күні	кеткен күні			Мөлшері ( тоннамен )	маркасы	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
	Жиынтығы:	x	x	x	x	x	x	x	x

(заматтық авиация  
саласындағы уәкілетті  
үйым қызметшісінің  
лауазымы)

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты,  
(егер бұл жеке басты  
куәландыратын  
құжатта көрсетілсе))

(күні)

Ескертпе: қорытынды нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме, осы бұйрыққа қосымшада келтірілген.

Қайтаруға ұсынылған қосылған  
құн салығы сомаларының  
анықтығын растау бойынша  
такырыптық тексеру жүргізуге  
қатысатын заматтық авиация  
саласындағы уәкілетті үйим  
қызметшісінің шетелдік  
авиакомпания әуе кемесінің

рейсті жүзеге асыру және  
өткізілген жанар-жағармай  
материалдарының  
(авиакомпаниялар бөлінісінде)  
мөлшері фактісін растайтын  
корытынды нысанына  
қосымша

**Қайтаруға ұсынылған қосылған құн салығы сомаларының анықтығын растау  
бойынша тақырыптық тексеру жүргізуге қатысатын азаматтық авиация  
саласындағы уәкілетті ұйым қызметшісінің шетелдік авиакомпания әуе  
кемесінің рейсті жүзеге асыру және өткізілген жанар-жағармай  
материалдарының (авиакомпаниялар бөлінісінде) мөлшері фактісін растайтын  
корытынды нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

1. Қайтаруға ұсынылған қосылған құн салығы сомаларының анықтығын растау  
бойынша тақырыптық тексеру жүргізуге қатысатын азаматтық авиация саласындағы  
уәкілетті ұйым қызметшісінің шетелдік авиакомпания әуе кемесінің рейсті жүзеге  
асыру және өткізілген жанар-жағармай материалдарының (авиакомпаниялар  
бөлінісінде) мөлшері фактісін растайтын корытынды нысаны (бұдан әрі – нысан)  
тақырыптық тексеруді жүргізуге қатысатын азаматтық авиация саласындағы уәкілетті  
ұйым қызметшісімен толтырылады.

2. Нысан, мемлекеттік кірістер органына табыс етіледі.

3. Нысан мына үлгіде толтырылады:

нысанда салық төлеушінің атауы, занды мекенжайы және бизнес сәйкестендіру  
нөмірі (БСН);

нысанның 1 – бағанында қатардың рет саны көрсетіледі;

нысанның 2 – бағанында авиакомпанияның атауын көрсете отырып, оның  
тіркелінген мемлекеті көрсетіледі;

нысанның 3 – бағанында рейстің нөмірі көрсетіледі;

нысанның 4 – бағанында ұшып келген күні көрсетіледі;

нысанның 5 – бағанында ұшып кеткен күні көрсетіледі;

нысанның 6 – бағанында әуе кемесінің үлгісі көрсетіледі;

нысанның 7 – бағанында шетелдік авиакомпаниямен шарттың күні, нөмірі (өтінім  
деректемелері) көрсетіледі;

нысанның 8 – бағанында жанар-жағармай материалдарының мөлшері (тоннамен)  
көрсетіледі;

нысанның 9 – бағанында жанар-жағармай материалдарының маркасы көрсетіледі;

нысанның 10 – бағанында ескертпе көрсетіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК